

Тірі болсам, хан баласында қазақтың хақысы бар еді, қазаққа қызмет қылмай қоймаймын!..

Потомки ханов имеют непреходящий долг перед казаками и, пока я жив, не перестану служить казахам!..



ӘЛИХАН НҰРМҰХАМЕДУЛЫ
БӨКЕЙХАН

Ақукейхан.

(1866–1937)



Ә Л И Х А Н Б Ө К Е Й Х А Н

ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ 9 ТОМДЫҚ ТОЛЫҚ
ЖИНАҒЫ

VII ТОМ

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ОРЫС ТІЛДЕРІНДЕ:

МАҚАЛАЛАР
ЖАРИЯЛАНЫМДАР
ҒЫЛЫМИ ІЗДЕНІСТЕР
АУЫЗ ӘДЕБИЕТІНІҢ ҮЛГІЛЕРІ
ӘДЕБИ АУДАРМАЛАР
ХАТТАР
ЖЕДЕЛХАТТАР (ТЕЛЕГРАМДАР)

1917–1924

(Алаш–Омбы–Мәскеу–Ленинград–Ақтөбе–Қызылорда)



Астана, 2013



**А Л И Х А Н
Б У К Е Й Х А Н**

**ПОЛНОЕ СОБРАНИЕ СОЧИНЕНИЙ
В 9 ТОМАХ**

VII ТОМ

НА КАЗАХСКОМ И РУССКОМ ЯЗЫКАХ:

**СТАТЬИ
ЗАМЕТКИ
НАУЧНЫЕ ИССЛЕДОВАНИЯ
ОБРАЗЦЫ УСТНОГО НАРОДНОГО ТВОРЧЕСТВА
ЛИТЕРАТУРНЫЕ ПЕРЕВОДЫ
ПИСЬМА
ТЕЛЕГРАММЫ**

1917–1924

**(Алаш–Омск–Москва–Ленинград–Актобе–
Кызылорда)**



Астана, 2013

УДК 821.512.122.0
ББК 83.3 (5 Қаз)
Б 78

Құрастырушы: Жүсіп Сұлтан Хан Аққұлұлы

Составитель: Жусип Султан Хан Аккулулы

Б 78 Бөкейхан Әлихан Нұрмұхамедұлы (1866–1937). Шығармаларының 9 томдық толық жинағы = Полное собрание сочинений в 9 томах. /Құраст.: Жүсіп Сұлтан Хан Аққұлұлы. – Астана: «Сарыарқа», 2013. – Қазақша-орысша. Т. 7. – 520 б.

ISBN 978-601-277-148-0

ISBN 978-601-277-019-3 (общ.)

Қазақтың көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, энциклопедияшы ғалымы және көрнекті публицисі Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханның тұңғыш толық шығармалар жинағы оның 1889–1985 жылдар аралығында мерзімді басылымдарда, ғылыми журналдар мен жинақтарда жарық көрген ірі ғылыми монографияларын, ғылыми зерттеулерін, саяси публицистикасын, әдеби сын мақалалары мен аудармаларын және жеке хаттарын қамтиды.

Осы жинаққа енген барлық материал Сұлтан Хан Аққұлұлының (Жүсіптің) авторлық меншігіне жатады.

Первое полное собрание трудов и сочинений выдающегося казахского общественного и государственного деятеля, ученого-энциклопедиста, одного из основоположников казахского краеведения и видного публициста Алихана Нурмухамедулы Букейхана включает его научные монографии и статьи, политическую публицистику, исследования по казахской литературе и литературные переводы, опубликованные и изданные в период с 1889 по 1985 гг., а также письма.

Авторские права на все материалы, вошедшие в настоящий сборник, принадлежат Султан Хану Аккулулы (Жусип).

УДК 821.512.122.0

ББК 83.3 (5 Қаз)

ISBN 978-601-277-148-0 (VII-том)

ISBN 978-601-277-019-3 (общ.)

© Жүсіп С. А., 2013

© «Сарыарқа», 2013

ИОСИФ СТАЛИН ӘЛИХАН БӨКЕЙХАННЫҢ СОҢЫНА 1922 ЖЫЛДАН БАСТАП ТҮСКЕН

(Құрастырушыдан)

Советтік Қазақстанның бірінші басшылары алғашында Әлихан Бөкейханды негізсіз қудалау мен тұтқындаудан құтқарып қалғысы келген. Жаңадан табылған құжаттар осыны дәлелдейді. Бұл құжаттардың арасында Иосиф Сталиннің құпия жеделхаты да бар.

Алашорда ұлттық-территориялық автономиясы Халық Кеңесінің бұрынғы төрағасы Әлихан Бөкейхан (Бөкейханов) 1920 жылы біршама уақыт бостандықта болған. Оған Ресей әлеуметтік-саяси тарих мемлекеттік мұрағаты (РЭСТММ – РГА-СПИ) ұсынған жеті құжаттың біреуінің көшірмесі дәлел бола алады. Бұл – РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының 1920 жылдың 8 наурызындағы «Әлихан Бөкейхановты Совнарком мәжілісіне шақыру туралы» хаттамасының көшірмесі. Қалған алты құжатта әңгіме негізінен XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы қазақтың ұлт-азаттық «Алаш» қозғалысы көсемінің тұтқындалу жайттары мен себептері туралы болады. Бұл құжаттардың бір бөлігіне кезінде «аса құпия» деген таңба басылған.

Осы бір мұрағат құжаттарына қарағанда, Әлихан Бөкейхан 1922 жылдан 1937 жылға дейін кем дегенде үш рет тұтқынға алынған. Ал енді Қазақстанның сол кездегі советтік басшылығына қарсы куәлік алу үшін, әсіресе ол Мәскеудегі коммуналдық пәтерде қамауда отырған 1927 жылдың қазан айынан 1937 жылдың шілде айына дейінгі уақытта кезекті тергеуге алу үшін оны қанша рет тар қапаста уақытша ұстағандары бір құдайға ғана аян. Бұлардың барлығы сонау 1919 жылы «Алаш» партиясы мен Алашорда автономиясының барлық басшысына, белсендісі мен мүшесіне рақымшылық жариялаған РКП (б) Орталық комитетінің қаулысына қарамастан болып отырған жайт еді.

Атап өтетін бір маңызды мәселе – бұл тарихи құжаттардың кейбіреуі өзімізге белгілі XX ғасырдың басындағы қазақтардың

қанды тарихына қосымша деректер беруімен бірге жаңа сауалдар да туғызады.

Мысалы, РКП(б) ОК Саяси бюросының 1920 жылғы 8 наурыздағы хаттамасының көшірмесінде: «Ертең Совхалкомда Брюханов жолдастың қатысуымен Қырревком¹ мүшесі Бөкейханов жолдасты шақырып, тыңдау керек» [№ 1 сурет], – делінген. Осы жерде тағы бір сұрақ туады. Хаттама көшірмесінде жазылғандай, «Алаш» көсемі Қырревком мүшесі болды ма?

Қазақстанда совет өкіметін орнату тарихынан белгілісі Алашорда автономиясы жоғары басшылығы арасынан тек Ахмет Байтұрсынұлы ғана (Байтұрсынов) Қырревком құрамына енген. Жоқ, әлде бұл құжатта әңгіме Батыс Қазақстаннан шыққан Шыңғыс ханның тағы бір ұрпағы – Ғабдолхамит Бөкейханов туралы болып отыр ма? Ол да 1920 жылдардың басындағы советтік Қазақстан басшыларының бірі болды.

Бірақ Мәскеуде 2009 жылы басылып шыққан «Ресей империясының Мемлекеттік Думасы: 1906–1917. Энциклопедия»² атты анықтамалық кітаптағы Әлихан Бөкейхан туралы библиографиялық анықтамаға сәйкес, Қырғыз-Қазақ АССР-інің 1920 жылғы құрылтай сиезінен соң қазақтардың көсемі «әкімшілік және шаруашылық жұмыстарында» болды.

РӨСТММ ұсынған екінші құжат – Түркістан Орталық атқару комитеті (ТурЦИК) төрағасының орынбасары Сұлтанбек Қожанов пен Түркістан халық комиссарлары кеңесінің төрағасы Тұрар Рысқұловтың Иосиф Сталиннің атына жолдаған жеделхаты. Жеделхат Ташкенттен жіберілген. Мән-жайдың барлығын жеделхат мәтінінің өзі-ақ айтып тұр (мәтіні болар-болмас түзетулермен жарияланып отыр):

1 1917 жылғы төңкеріске дейін қазақтарды «қырғыз-қайсақтар» немесе «қырғыздар», ал қазіргі қырғыздарды – «қара-қырғыздар» деп атаған. Совет өкіметінің алғашқы жылдарында да қазақтарды «қырғыздар» деп атап келген. Сондықтан республика алғашында Қырғыз республикасы деп, тиісінше Қырғыз революциялық комитеті – Қырревком деп аталған. 1925 жылы советтердің Бүкілқазақстандық бесінші съезінде қазақтар өздерінің тарихи ұлттық атауына ие болып, республиканы Қазақ республикасы деп өзгерткен.

2 «Государственная Дума Российской империи: 1906–1917. Энциклопедия», Москва, РОССПЭН, 2009 г., 75 стр.).

«Мәскеу[.] РКИ ОК[.] Сталинге. Ташкенттен.

Қырреспубликасы басшыларының өкімімен 14 қазанда Қарқаралыда Әлихан Бөкейханов тұтқындалды. Алашордашыларға рақымшылық жариялау жөніндегі декретті, совет өкіметінің Қырғызияның жергілікті бұқара халқымен әлсіз байланысын, Қырғызия советтері соңғы сиезінің жұмысының нәтижесінде пайда болған ахуалды қаперге ала отырып, сонымен бірге бұл хабардың халық арасында дүрбелең туғызуы мүмкіндігін ескере отырып, егер оның тұтқындалуына негіз жоқ болса, Бөкейхановтың тез арада босатылуына Сіздің араласуыңызды сұраймыз.

ТурЦИК төрағасының орынбасары Қожанов,
Совнарком төрағасы Рысқұлов» [№ 2 сурет].

Осы жеделхатты оқи отырып советтік Қазақстанның – сол кездегі Қырғыз және Түркістан АССР-інің басшылары Сұлтанбек Қожанов пен Тұрар Рысқұловтың Алаш көсемі Әлихан Бөкейханды негізсіз қудалау мен тұтқындаудан арашалау мақсатында қолдарынан келгенінше әрекеттенгенін байқаймыз. Және ең бастысы, олардың келтірген дәйектері Кремльде назарға алынған. Бұған РӘСТММ қорындағы келесі құжаттар дәлел бола алады.

Оның біріншісі – РКП (б) ОК Хатшылығының 1922 жылғы 2 қарашадағы мәжілісінің хаттама көшірмесі. Хаттаманың 39 бөлімінде Қыробком мен ГПУ-ден Әлихан Бөкейхановтың тұтқындалу себебін сұрау жөнінде айтылған [№ 3 сурет].

Екінші құжат – осы сұрауға Қыробкомнан оның хатшысы Коростылев деген әлдебіреудің «қатаң құпия» деген таңбамен 1922 жылдың 11 қарашада қайтарған жауабы.

Белгілі тарихи фактілер мен деректерді ескерер болсақ, бұл құпия жеделхатта қазақ ұлт көсемінің тұтқындалуының дұрыстығын дәлелдеу үшін Коростылевтің келтірген дәйектері түгелдей ойдан шығарылған өтірік. Бірақ өткен ғасырдың 20-жылдарындағы советтік жазалау жүйесінің жұмыс істеу тәсіліне барынша сай келеді. Енді осы жеделхатты оқып көріңіз:

«Мәскеу. ЕРКАПЕ ОК-не. Қатаң құпия. Бөкейхановтың тұтқындалуына оның ҚЦИК өкімдеріне жүйелі түрде бағынбауы, Түркістанға қашу ниеті, қырғыз жастарына іріткі салып болған, Монғолиямен байланысы бар Семей губерниясындағы Алашорда бөлімдерінің ыңғайға көнбеген басшыларын жоюмен байланысты болды. № 75.

Қазобком хатшысы /Коростылев/. 11 қараша, 22 ж.

Орынбор қаласы, Советская көш. № 37. «ҚырОбКом» [№ 4 сурет].

Қыробком хатшысы сөзінің жалғандығы мынада. Қырғыз-Қазақ АССР-інің 1920 жылы Орынборда өткен құрылтай сиезінің жұмысына қатысқан соң Әлихан Бөкейхан 1922 жылдың қазан айында тұтқындалғанға дейін Семей облысы Қарқаралы оязы Тоқырауын болысындағы өзінің туған ауылында болды.

Бірақ дәл осы 1920 жыл мен 1922 жылдың күзіне дейін ұлт көсемі Әлихан Бөкейханның советтік әкімшілік және шаруашылық жұмыстарына тартылуы да әбден мүмкін. Осы жерде Әлихан Бөкейханның қай жерде, қашан және қандай нақты әкімшілік қызметте болғанын анықтау қажеттігі туындайды.

Бұдан соң бұл құжаттық деректер мен Алаш көсемінің інісі, сұлтан Смахан Бөкейхан мен өзге де жақындарының естеліктерін салыстыра қарайтын болсақ, онда Әлихан Бөкейханның 1922 жылдың күзінде екі рет тұтқындалғанын байқауға болады. Бірінші жолы Тұрар Рысқұлов [№ 5 сурет] пен Сұлтанбек Қожановтың [№ 6 сурет] Сталинге жеделхат жолдаған кезінде, яғни, 1922 жылдың 14 қазанында тұтқындалып, қараша айының басында босатылды. Көп ұзамай осы айда Әлихан Бөкейхан тағы да тұтқындалған. Бұл жолы қолына кісен салынып, ОГПУ-НКВД жендеттерінің қатаң күзетуімен Мәскеуге жеткізілді.

Осының өзі Кремльдің, нақтылай айтқанда Сталиннің, Қазақстандағы қабырғасы қатая қоймаған Совет өкіметіне қалың елі – қазағын қарсы көтермей ме деген қауіпшен Алаш көсемін өзінің туған жерінен барынша жырақта, өз бақылауында ұстағысы келгеніне анық дәлел болады.

Алаш көсемінің қарашада тұтқындалып, Мәскеуге өз ықтиярынсыз мәжбүрлеп жөнелтілуі мен оның Мәскеудегі КСРО халықтары Орталық баспасының Қазақ секциясында әдеби қызметкер болып жұмыс істей бастаған мезгілдері дәлмедәл келеді. Осы жолдардың авторына РӘСТММ ұсынған тағы бір мұрағаттық құжат Әлихан Бөкейханның жұмысына, нақтылай айтқанда, оның КСРО халықтары Орталық баспасындағы әдеби қызметкер болып жүрген жерінен жұмыстан кенеттен босатылғанына байланысты.

Мысалға, Әлихан Бөкейханның осы Орталық баспадағы жұмысына қатысты жазылған пікірде «азамат Ә. Н. Бөкейханов 1922 жылдың 14 желтоқсанынан 1927 жылдың 1 қазанына дейін Мәскеудегі КСРО халықтары Орталық баспасының Қазақ секциясында әдеби қызметкер болып жұмыс істеді» делінген. Бас редактордың орынбасары Великовский мен хатшы Дурасс қол қойып, сол бір қанды кезеңнің рухында жазылған пікірде біздің кейіпкеріміздің жұмысына барынша жақсы, тіпті жоғары баға берген: «Өзінің ғылыми және әдеби жұмысында... Ә. Н. Бөкейханов қазақтардың тілін, шаруашылығы мен тұрмысын білумен қатар өзіне артылған міндетке барынша ынта-ықыласымен қарады» [№ 7 сурет].

Әрі қарай азамат Бөкейхановтың мінәйі себеппен, «штат қысқартуға» байланысты 1 қазаннан бастап қызметінен босатылғандығы жайында сыпайылап қана айтылады.

Осы тұста ерекше назар аударма кететін тарихи факті бар. Мысалға, осы жолдардың авторына сонау 1991 жылдың қазан айында КСРО-ның Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің Мәскеудегі қоғаммен байланыс Орталығы (ЦОС КГБ СССР – № 8, 9 сурет) жіберген Әлихан Бөкейханның бір хатына қарағанда, Алаш көсемі – Әлихан Мәскеудегі КСРО халықтарының кіндік баспасынан өз ықтиярымен жұмыстан шығып, туған еліне оралуға әлденеше рет тырысып көрген. Оған хаттың мәтіні айқын дәлел болады.

Сонау баста – 1925 жылдың 25 қазанында қазақ тілінде жазылған хат ОГПУ-НКВД тергеушілерінің бұйрығымен Жанұзақов деген адам орыс тіліне аударғанға ұқсайды. Хаттағы «Т. Али», яғни «Ж[олдас]. Әли» деген жазуға қарағанда, ол

1925 жылдары Қазақстанның жер жөніндегі халық комиссары болған Әлиасқар Әлібековтің атына жолданса керек. Ол туралы хаттың орыс тіліне аударылған нұсқасының көшірмесінде айтылады» [фото № 10]. Ал енді хаттың мазмұнына көңіл аударайық:

«Ж[олдас]. Әли.

Сен Қазжерхалкомы атынан мені 15 қазанға қарай Қызылордаға шақыратын қағаз жазып жіберші маған. Осы қағаздың негізінде мен ЦИЗ³-дің алдында өзімді жұмыстан босату мәселесін қоямын. Ондай негізсіз ЦИЗ мені жібермей отыр. Ал негіз болса, мен оның ықтиярынсыз-ақ жұмыстан босаймын. Және осылайша біздің [ЦИЗ-бен] арақатынасымыз біржаққа шығады. Оның үстіне мені ұстап отыру – маған да, оған да [ЦИЗ-ге де ме?] еш қажеті жоқ. Егер сондай қағаз жазсаң, оны маған Смағұл [фото № 11] арқылы жіберші».

Алайда алдыңғы мұрағаттық құжаттың мазмұнына қайта оралсақ, ондағы көрсетілген «штатты қысқарту» шарасы тек Әлихан Бөкейханға ғана қатысты болғандығын және оның жоғарыдан берілген нұсқау арқылы ғана жүзеге асқанын аңғару қиын емес.

Әңгіме – Сталиннің екі нұсқадағы шифрланған, яғни құпия жеделхаты жөнінде болады. Қолжазба нұсқасы «бүкіл халықтар әкесінің» жеке қолтаңбасына қатты ұқсайды, бұған қоса жазу машинкасымен басылған нұсқасы да бар. Жеделхат Филипп Голощекин мен Нығмет Нұрмақовқа 1927 жылдың 17 мамырында жолданған [№ № 12, 13 суреттер]. Егер осы датаны есте ұстап және «**Бөкейхановтың Қазақстанға уақытша баруына немесе оның сіздерде тұрақты жұмыс істеуіне қарсысыздар ма? Осыны жедел хабарлаңыздар**» деген жеделхат мазмұнына назар аударар болсақ, Алты Алаш көсемін жұмыстан шығару туралы шешімді КСРО халықтары Орталық баспасының басшылығы емес, Кремльде Сталиннің тікелей өзінің қабылдағаны туралы қорытынды жасауға болады.

3 ЦИЗ – Центральное ИЗ-дательство сөздерінің қысқартылған атауы.

Кәнігі психолог Иосиф Сталин өзінің сұрағын: «ҚАРСЫСЫЗДАР МА?» деп тұжырымдаған. Яғни, ондағылардың еріксіз «ИӘ» деп жауап беруіне мәжбүрленгендей. Егер сұрақ әдеттегідей: «ҚАРСЫ ЕМЕССИЗДЕР МЕ?» – деп қойылар болса, онда Сталинге қажетсіздеу: «ЖОҚ, ҚАРСЫ ЕМЕСПІЗ», – деген жауаптың болуы ықтимал еді.

Енді Сталиннің құпия жеделхаты жолданған адамдар мен олардың мүмкін болар жауабына қатысты бірер сөз. Бұлардың біріншісі – Филипп Голощекин [№ 14 сурет] – қазақтардың тарихында қасіретті рөл атқарған советтік мемлекет және партия қайраткері. Оған қоса Голощекин – патша Романовтар әулетін атуды ұйымдастырушылардың бірі.

Қазақ өлкелік РКП(б) комитетінің хатшысы болған 1924–1933 жылдар аралығында Филипп Голощекин көшпелі қазақтарды отырықшы өмірге күштеп көшіру шараларын жүзеге асырып, осының салдарынан болған Ашаршылықтан түрлі есеп бойынша 1,5–2,5 миллиондай адам немесе қазақ халқының жартысынан астамы қырылды. Филипп Голощекинді жақсы танитын «Қазан бүлігінің» тарихшысы В. Бурцев ол жайында: «Ол – әдеттегі лениншіл адам. Бұл адамды төгілген қан тоқтата алмайды. Бұл сипат оның бейнесінен анық аңғарылып тұрады: **жендет, қатыгез, бойында азғындаудың кейбір элементтері бар**», – деп жазды.

Партиялық өмірде ол менмендігімен ерекшеленді, көпірме сөзге құмар, арсыз адам болды. Қазақстанға келмей жатып Филипп Голощекин бұл жерде совет өкіметі орнамаған, сондықтан мұнда «Кіші қазан төңкерісін» [«Малый октябрь»] жүзеге асыру керек» деп даурықты.

Сталиннің құпия жеделхаты жолданған екінші адам – Нығмет Нұрмақов [№ № 15, 16 суреттер]. Ол 1924 жылдың күзінде 29 жасында Қазақ (Қырғыз) АССР Халық комиссарлары кеңесінің төрағасы болып, 1929 жылдың сәуір айына дейін Қазақстандағы екінші басшы болып қалды.

Филипп Голощекин мен Нығмет Нұрмақовтың Сталиннің жеделхатына не деп жауап бергені бізге белгісіз. Алайда сталиндік жазалау машинасы көп ұзамай олардың өздерін де құрбандыққа шалды. 1929 жылы Нығмет Нұрмақов та Тұрар

Рысқұлов сияқты «білімін жетілдіреді» деген желеумен 1931 жылға дейін Мәскеуге жөнелтілді.

Одан әрі 1931–1937 жылдары жерлесі Тұрар Рысқұлов сияқты Мәскеудегі бір қарағанда өте жоғары мансап деп саналатын орталық партиялық-мемлекеттік қызметтерде отырды. Бүкілодақтық орталық атқару комитеті (ВЦИК) хатшысының орынбасары, ВЦИК Президиумының бөлім меңгерушісі және тағы басқа қызметтерде болды.

Алайда 1927 жылы Сталиннің жеделхатына жауап жазып, араша түспекші болған бүкіл қазақ халқының көсемі Әлихан Бөкейхан екеуін бірдей тағдыр күтіп тұрған еді. Әлихан Бөкейхан да, Нығмет Нұрмақов та 1937 жылдың қыркүйек айында өлім жазасына кесіліп, атылды. Екеуі де Мәскеудегі Донской зиратына жерленді [№ № 17–19 суреттер].

Совет өкіметі оларды бірден жұтып қоя салған жоқ. Қазақ ұлтының көсемі Мәскеуде ешқандай құқықсыз, еркіндіксіз айдауда жүргендей кедейшілікте күн кешті. 1927 жылы қазан айында Әлихан Бөкейхан жұмыссыз қалды. Патшаны тақтан тайдыруға үлес қосқан қоғам және мемлекет қайраткері, немесе аса көрнекті ғалым ретінде оған лайықты зейнетақы тағайындалды ма, ол белгісіз. Қазақстандағы газеттер мен журналдардың бас редакторларына жіберген хаттарында ол өзіне тиесілі қаламақыларын беруін сұраса, РСФСР халық комиссарлары советі төрағасының орынбасары Тұрар Рысқұловтың атына жазған өтінішінде Алаш көсемі институтта оқып жүрген баласына [20 сурет] тиесілі шәкіртақысын беруін өтінуінің өзі біраз мән-жайды аңғартса керек.

1937 жылдың шілде айында тұтқындалғанға дейін Алаш көсемі Әлихан Бөкейхан 10 жыл бойы Мәскеуде пәтер қамауында болды. Туған еліне барар жол ол үшін жабық болатын. Осыған қарамастан ол отандастарымен хат жазысып, хабар үзбеуге тырысты. Сәрсен Аманжоловтың жеке мұрағатында ғайыптан сақталып қалған оның бірден-бір хаты 1934 жылы жазылған екен.⁴


4 Ө. Н. Бөкейханның 1934 жылы 17 қазанда Мәскеуден жазып жіберген бұл хатын белгілі түрколог ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Алтай Аманжолов туған әкесі – Сәрсен Аманжоловтың (1903–1958) жеке мұрағатынан 1995 жылы тауып алды.

17. Постановление коллегии наркомпрода от 9/11 об организации продовольственных органов в Тургайской области.

17. Заслушать завтра в Совнарком в присутствии т. Брюханова, с вызовом члена Кирревкома т. Букейханова.

1-сурет. РКП(б) ОК Саяси бюросының 1920 жылғы 8 наурыздағы хаттамасының көшірмесі: «Ертең Совхалкомда Брюханов жолдастың қатысуымен Қырревком мүшесі Бөкейханов ж[олдасты]. шақырып, тыңдау керек» (РЭСТММ, 17 қор, 3 тізбек, 65 іс, 17 бөлім).

Фото № 1. Выписка из протокола заседания Политбюро ЦК РКП (б) от 8 марта 1920 года, где указано: «Заслушать завтра в Совнарком в присутствии т. Брюханова, с вызовом члена Кирревкома т[оварища]. Букейханова» (РГАСПИ, фонд 17, опись 3, дело 65, пункт 17).



2-сурет. Түркістан Орталық атқару комитеті төрағасының орынбасары Сұлтанбек Қожанұлы мен Түркістан Халық комиссарлары кеңесінің төрағасы Тұрар Рысқұлұлының Ташкенттен 1922 жылы 31 қазанда Иосиф Сталинге жолдаған жеделхаты (РЭСТММ, 17 қор, 112 тізбек, 384 іс, 208 парақ).


Фото № 2. Телеграмма заместителя председателя ТурЦИК Султанбека Ходжанова и председателя Туркестанского СНК Турара Рыскулова в ЦК РКП Иосифу Сталину от 31 октября 1922 года по поводу причин ареста Алихана Букейхана (РГАСПИ, ф. 17, оп. 112, д. 384, л. 208).

- 36. Об ответственных инструкторах ЦК / т. Боганович /.
- 37. О т. Рязанове / Выписка из пр. № 14 заседания Президиума Соц. академии от 21/X с.г. /
/ т. Куйбышев /.
- 38. О работе т. Л. М. Михайлова. / т. Сирцов /.
- 39. Телеграмму т. Ходжанова за № 564. / т. Назаретян /.
- 40. Просьбу ГПУ утвердить нач. православно-Губполитотдела т. Аухбанда. / т. Сирцов /.
- 41. Просьбу НКЮга утвердить список прокуроров. / т. Сирцов /.
- 42. О председателе арбитражного суда. / т. Сирцов /.
- 43. О начальнике Политуправления Украинского Округа. / т. Сирцов /.
- 44. О работе т. Рахимбаева. / т. Куйбышев /.
- 45. О т. т. Ефремова Флоре и Тунчуке / телеграмма за № 275 и / т. Молотов /.
- 46. Сообщение комиссии по переработке работников из НКЮга в НКЮ. / т. Сирцов / / присут. т. Чухчаев /.
- 47. О работе т. Рейнгольда. / присут. т. т. Смирта, Чухчаев /.
- 48. О т. Кантаровиче. / т. Сирцов /.
- 49. О работе т. Киреева из Сибири. / т. Сирцов / / присут. т. Куракин /.
- 50. О работе т. Сперанского. / т. Куйбышев / / присут. т. Мещеряков В. П. /.

- Владимир, Нижний-Новгород, Рязань, Воронеж, Пензу и Самару.
- 36. -Предложить т. Зеленикову или откомандировать в распоряжение ЦК для работы в качестве ответственного инструктора ЦК т. Иванова или же указать кандидатуру соответствующего товарища, могущего немедленно занять пост ответственного инструктора ЦК.
- 37. -Подтвердить пост. Оргбюро от 14/VIII с.г. об освобождении т. Рязанова от обязанности члена Президиума Соц.-академии.
- 38. -Перенести вопрос на заседание Оргбюро с вызовом т. Чичерина или т. Литвинова.
- 39. -Запросит Киробком и ГПУ о причинах ареста Букейханова.
- 40. -Не возражать против назначения т. Бухбанда нач. Православного Губполитотдела.
- 41. -Утвердить прокурорами следующих т. т.: Чалурского /из Вологды/ - прокурором Тульской губернии, Бостовского /из Тулы/ - прокурором Вятской губернии, Смирнитникова /из Рязань/ - прокурором Вологодской губернии.
- 42. -Наметить т. т. Рафаса и Васильева-Юнна кандидатами на пост председателя арбитражного суда, поручив т. Куйбышеву пересмотреть по данному вопросу с т. Каменным.
- 43. -Принять предложение ПУР'а о назначении т. Ножилова начальником Политуправления Украинского Военного Округа.
- 44. -В отмену пост. Оргбюро от 30/X с.г. оставить т. Рахимбаева в Москве, поручив т. Куйбышеву договориться с ним о его работе.
- 45. -Принять компромиссное предложение т. Молотова об отзыве т. Ефремова и об оставлении т. т. Тунчука и Флора в распоряжении ЦК РКП.
- 46. -Продлить срок работы комиссии, поручив комиссии дополнительно обсудить вопрос о командировании части работников НКЮга для постоянной работы в НКЮ.
- 47. -Откомандировать т. Рейнгольда из ГПУ'а в распоряжение НКЮ.
- 48. -Вопрос о т. Кантаровиче отложить, запросив мнение Тамбовского Губкома о возможности откомандирования его для работы в НКЮ.
- 49. -Подтвердить пост. Оргбюро от 6/IX с.г. предложив т. Кирееву немедленно прибыть в распоряжение Моротдела ЦК'а.
- 50. -Подтвердить пост. Оргбюро от 23/X с.г. об откомандировании т. Сперанского для работы в Главлито. Предложить Украинскому ЦК подобрать соответствующего работника для Молотова по самобюджету. Намечено.

3-сурет. РК(б)П ОК Хатшылыгының 1922 жылы 2 қарашадағы мәжілісінің хаттамасы. Хаттаманың 39-бөлімінде Қыробком мен ГПУ-ден Әлихан Бөкейханның тұтқындалуы себебін сұрау жөнінде айтылған (РӘСТММ, 17 қор, 112 тізбек, 384 іс, 6 парак, 39 бөлім).

Фото № 3. Пункт 39 протокола заседания Секретариата ЦК РКП (б) от 2 ноября 1922 года с рекомендацией запросить Киробком и ГПУ о причинах ареста Алихана Букейхана (РГАСПИ, ф. 17, оп. 112, д. 384, л. 6, пункт 39).



4-сурет. Қыробком хатшысы А. Коростылевтің Әлихан Бөкейханның тұтқындалуы себептері туралы 1922 жылы 11 қарашада РК(б)П Орталық комитетіне жіберген «аса құпия» жеделхаты (РЭСТММ, 17 қор, 112 тізім, 384 іс, 209 парақ).

Фото № 4. «Совершенно секретная» телеграмма секретаря Киробкома Коростылева А. А. в ЦК РКП (б) от 11 ноября 1922 года о причинах ареста Алихана Букейхана (РГАСПИ, ф. 17, оп. 112, д. 384, л. 209).



5-сурет. **Тұрар Рысқұлұлы** (1894–1938) – қазақтың көрнекті советтік мемлекет қайраткері. 1917–1918 жылдары Түркістан денсаулық сақтау халкомы, Түркістан ОАК төрағасының орынбасары, төрағасы, РСФСР Ұлт істері комиссариатының қызметкері, алқа мүшесі, халкомның екінші орынбасары болып істейді. 1924–1926 жылдары Коминтерн АК Орта-Шығыс бөлімі меңгерушісінің орынбасары, сонымен қатар 1924 жылдың ортасынан 1925 жылдың шілдесіне дейін Коминтерннің Монғолиядағы өкілі, 1926 жылы БК(б)П Қазақ өлкелік комитеті баспасөз бөлімінің меңгерушісі және өлкелік «Еңбекші қазақ» газетінің жауапты редакторы қызметтерін атқарды. 1926 жылдың маусымынан 1937 жылдың шілдесіне дейін РСФСР халкомсовы төрағасының орынбасары болып, репрессияға ұшырады.

Фото № 5. Туар Рыскулов (1894–1938) – видный советский политический деятель, председатель ЦИК Туркестанской АССР (ТАССР). Участник Среднеазиатского восстания 1916 года. В 1917 году создал Революционный союз казахской молодёжи в Мерке. В сентябре 1917 года вступает в ряды РСДРП. В 1920 председатель ЦИК ТАССР. В 1921–22 – заместитель наркома по делам национальностей РСФСР. В 1926–37 – заместитель председателя СНК РСФСР.

Т. Рыскулов пользовался большим авторитетом в народе. Он был одним из наиболее видных и влиятельных руководителей в Средней Азии. М. В. Фрунзе в докладной записке на имя Ленина писал: «Среди местных кадров выделяются двое – Рыскулов и Ходжаев, за которыми идут массы. Но первый обладает не только умом, но и недюжинным характером» (Казахская советская энциклопедия).



6-сурет. **Сұлтанбек Қожанұлы** (1894–1937) – Қазақстан мен Орта Азияның мемлекет және қоғам қайраткері, ғалым, публицист. 1922–1924 жылдары Түркістан Коммунистік партиясы Орталық комитетінің хатшысы, атқару комитеті төрағасының орынбасары, РК(б)ПОК Орта Азия бюросының мүшесі. 1924 жылы РК(б)П Қазақ обкомының, 1925 жылы – Қазақ өлкекомының екінші хатшысы. 1925 жылы Бүкілодақтық Коммунистік партиясы Орталық комитетіне шақырылып, ұлт республикалары бойынша жауапты нұсқаушы лауазымымен Кавказға, 1928 жылы Ташкентке, Орта Азия Бюросына қызметке жіберілді. 1931–1932 – Бүкілодақтық КП Орталық комитетінің аппаратында істеді. Ол 1937 жылы 16 шілдеде Ташкентте тұтқындалып, саяси қуғын-сүргін құрбаны болды. (Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы, 6 том).

Фото № 6. **Султанбек Ходжанов** (1894–1937) – видный государственный, общественный деятель, ученый и публицист Казахстана и Средней Азии. В 1920–1924 годах – член ЦК Компартии Туркестана, заместитель председателя ТурЦИКа, нарком внутренних дел, нарком просвещения, нарком земледелия Туркестанской АССР. В 1924–1925 годах – второй секретарь Казкрайкома, 1925–1926 – ответственный инструктор по национальным республикам и областям ЦК ВКП (б), с декабря 1928 года – зам. зав. агитационно-пропагандистским отделом ЦК ВКП (б). С 1929 по 1937 год – на ответственной работе в советских и хозяйственных органах. Расстрелян в июле 1937 года.

Ц.И.К.-С.С.С.Р.
Центральное
Издательство Народов
С.С.С.Р.

5. *калп* 1927 г.

15-02

№4

О Т З Ы В.

Москва,
Никитинская, 10.
Сек. 1 - - - - 2-81-30
Сек. 2 - - - - 4-30-32
Сек. 3 - - - - 4-30-33
Сек. 4 - - - - 4-30-34
Сек. 5 - - - - 5-01-59.
Тел. Москва ЦЕНТРИЗДАТ.

Гр. А.Н.БУКЕЙУАНОВ служил с 14 декабря 1922 г. по 1 октября 1927 г. литературным сотрудником Казахской секции Центрального Издательства Народов С.С.С.Р. в Москве. В своей научной и литературной деятельности в Центральном Издательстве гр. А.Н.БУКЕЙУАНОВ наряду с основательным знанием языка, хозяйства и быта казаков проявил весьма добросовестное отношение к возлагавшимся на него обязанностям.

Гр. А.Н.БУКЕЙУАНОВ освобожден от занимаемой им должности литературного сотрудника 1 октября 1927 г. в виду общего сокращения штатов ЦЕНТРИЗДАТА.

ЗАМ. ГЛАВНОГО РЕДАКТОРА

СЕКРЕТАРЬ




[Handwritten signatures]

/ВЕЛИКОВСКИЙ

/ДУРАСС/.

7-сурет. Әлихан Бөкейханның Мәскеудегі КСРО халықтарының Кіндік баспасының (Құншығыс) Қазақ секциясында әдеби қызметкер болып жұмыс істегені және «штатты жалпы қысқартуға байланысты» жұмыстан босатылғаны туралы пікір. Мәскеу, 1927 жыл.

Фото № 7. Отзыв о работе Алихана Букейхана в качестве литературного сотрудника в Казахской секции Центрального издательства народов СССР и об его увольнении «ввиду общего сокращения штатов». Москва, 1927 год.



8-сурет. Совет Одағы КГБ-сы қоғаммен байланыс орталығының 1991 жылдың 26 қыркүйегінде осы жинақтың құрастырушысына жолдаған хатының конверті.

Фото № 8. Конверт ответного письма ЦОС КГБ СССР от 26 сентября 1991 года, адресованного составителю настоящего сборника.

ИЭ-1



**КОМИТЕТ
ГОСУДАРСТВЕННОЙ БЕЗОПАСНОСТИ СССР**

Центр общественных связей

26.09.91 № П/2-970

Москва

Институт литературы и искусства
им. М.О.Ауэзова
научному сотруднику
т. Джусипову С.-Х.А.
г.Алма-Ата, Курмангазы, 29

Уважаемый т. Джусипов!

В архивах КГБ СССР имеется следственное дело на Букейханова Алихана Нурмухаметовича, 1866 года рождения, уроженца седьмого аула Каркалинского уезда Семипалатинской области, казаха, который на основании статьи 17-58-8 и 58-11 УК РСФСР 27 сентября 1937 года Военной коллегией Верховного суда СССР был осужден к расстрелу.

Судом Букейханов признан виновным в том, что являясь врагом советского строя и будучи главой контрреволюционного правительства "Алаш-Орда", в годы гражданской войны возглавлял контрреволюционное движение казахской буржуазии, находился в контакте с валидовским правительством в Башкирии в борьбе против советской власти.

Будучи помилован, Букейханов продолжал вести контрреволюционную работу и поддерживал связь с руководителями пантюрксистского центра в Москве и Казахстане.

Из материалов дела видно, что вторично Букейханов был арестован на основании сведений о его тесной связи с участниками "вскрытого и ликвидированного пантюрксистского центра в Москве."

После ареста Букейханов на единственном допросе, еще до предъявления ему обвинения, признал себя виновным, а в суде подтвердил свои показания данные на предварительном следствии.

В апреле 1988 года по протесту (в порядке надзора) Генерального прокурора СССР А.Я. Сухарева было проведено дополнительное изучение дела Букейханова А.Н. Выяснилось, что обвинение Букейханова в антисоветской деятельности было основано лишь на его показаниях на предварительном следствии, где Букейханов в общей форме указывал о проводимой им работе в националистических целях.

Свидетели на следствии и в суде не допрашивались. Не имеется в деле и иных объективных данных, свидетельствовавших о наличии в Казахстане и в городе Москве так называемого террористического центра. Лица, осужденные по другим делам за участие совместно с Букейхановым в контрреволюционных действиях, в 1954-1957 годах реабилитированы. Что касается деятельности Букейханова до 1920 года, то в соответствии с решением Президиума ВЦИК от 3 июня 1920 года было признано необходимым допустить бывших членов правительства "Алаш-Орда" к работе в советских органах и категорически запретить их преследование за прошлую деятельность.

16 мая 1989 года Пленум Верховного суда СССР постановил приговор Военной коллегии Верховного суда СССР от 27 октября 1937 года в отношении Букейханова Алихана Нурмухаметовича отменить и дело о нем прекратить за отсутствием состава преступления.

Изъятая при аресте личная переписка Букейханова утеряна.

Высылаем вам копии документов находящихся в архивном следственном деле на Букейханова А.Н. Эти документы написаны самим Букейхановым или при его участии. Надеемся, что данные материалы, а также высылаемые копии архивных справок окажут вам помощь в подготовке полного собрания сочинений видного казахского государственного деятеля и ученого Букейханова Алихана Нурмухаметовича.

Приложение: копии документов на 20 листах, фотография Букейханова А.Н.

Зав.м Начальник Центра



А.Н.Карбаев

9-сурет. Совет Одағы КГБ-сы қоғаммен байланыс орталығының Сұлтан-Хан Жүсіповтің (Сұлтан Хан Акқұлды) сұрауына 1991 жылдың 26 қыркүйегінде жолдаған жауап хаты.

Фото № 9. Ответное письмо ЦОС КГБ СССР от 26 сентября 1991 года на запрос Султан-Хана Джусипова (Султан Хан Аккулулы).

копия:

т. А л и.

Ты от имени Наркомзема напиши мне бумагу с приглашением в Кзыл-Орду к 15 октября. На основании этой бумаги я поставлю перед ЦИЗ вопрос об освобождении. Без такого основания ЦИЗ меня не отпускает. А так я буду освобожден, вопреки его желания. И, таким образом, наши взаимоотношения определятся, тем более, что задерживать меня и для меня и для него нет необходимости. Если напишешь такую бумажку, то пошли ее мне через Смагула.

Алихан.

2/X-25 г:

перевел

/ Джанзаков /

Примечание: Письмо Алихана Букейханова в адрес, очевидно, тогдашнего Наркомзема Алиаскара Алибекова.

10-сурет. Ә. Н. Бөкейханның 1925 жылы 2 қазанда Мәскеуден сол тұста Қазақстанның жер-су жөніндегі халық комиссары болған Әлиасқар Әлібековке жолдаған хаты. Хаттың орыс тіліне аударылған нұсқасының көшірмесі 1991 жылдың қазанында СССР КГБ-сының қоғаммен байланыс орталығынан алынды (ЦОС КГБ СССР). Көшірме Ә. Н. Бөкейханның «қылмыстық ісінен» алынды.

Хаттың көшірмесі оның үстінен 1937 жылы қозғалған ақырғы «қылмыстық іске» тігілуіне қарағанда, Совет Одағының ОГПУ-НКВД-КГБ қызметі оның 1922–1937 жылдардың ішінде Мәскеуден елде қалған үзеңгілестері мен туғантуыстарына жазған әрбір хаты мен жеделхатын түгел қадағалап отырған. Мәскеу, 1991 жыл, қыркүйек.

Фото № 10. Письмо А. Н. Букейхана наркому Казахстана по земледелию Алиаскару Алибекову. Копия этого письма, переведенного на русский язык, была предоставлена вместе с предсмертной фотографией А. Н. Букейхана составителю настоящего сборника ЦОС КГБ СССР в октябре 1991 года. Копия этого письма, подшитая к последнему делу лидера Алаш 1937 года, свидетельствует о том, что в период проживания в Москве с 1922 по 1937 год вся переписка – письма и телеграммы лидера казахов с бывшими соратниками по автономии Алаш-Орда, новым коммунистическим руководством Казахстана, а также родными и близкими, оставшимися в республике, строго контролировалась органами ОГПУ-НКВД-КГБ. Москва, сентябрь, 1991 год.



11-сурет. **Смағұл Сәдуақасұлы** (1900–1933) – қазақтың көрнекті советтік мемлекет қайраткері, жазушы-драматург, публицист. Әлихан Бөкейханның туған күйеу баласы. Елизавета Әлиханқызы мен Смағұлдың Ескендір есімді жалғыз ұлы болды. Ол 1941 жылы Мәскеуді неміс басқыншыларынан қорғап жүріп қаза тапты.

Фото № 11. **Смағұл Садвақасов** (1900–1933) – видный казахский советский государственный деятель, писатель, драматург, публицист. Родной зять Алихана Букейхана. Он был женат на единственной дочери лидера Алаш Елизавете Алихановне, от которой имел сына Ескендира (Искандер), который погиб в 1941 году при защите Москвы от немецких захватчиков.



Ә. Н. Бөкейханның қызы Елизавета (Лиза) мен немересі – Ескендір (Кенка). Москва.

Дочь и внук А. Н. Букейхана – Елизавета (Лиза) и Искандер (Кенка).

Шифром 22

Телеграмма

Кзыл-Орда Голощекину и Нурмакову

Сообщите немедленно возражаете ли против временной поездки Букейханова в Кавказ или постоянной его работы в вас. № 11064/с - 3837/ш

СТАЛИН

19-25
17.V.27г. (Каннер)

Снята 1 копия для т. Каннера
6.VI.27г. В е р н о: *Сурова*

1мн

Иосиф Сталин 23

Телеграмма

Кзыл-Орда Голощекину и Нурмакову

Сообщите немедленно возражаете ли против временной поездки Букейханова в Кавказ или постоянной его работы в вас. № 11064/с - 3837/ш

Сталин

19 25
17/V.27г.
Снята 1 копия для т. Каннера
6/VI.27г.

12-13-суреттер. РК(б)П Орталық комитетінің бас хатшысы Иосиф Сталиннің Қызылордаға Филипп Голощекин мен Нығмет Нұрмақовтың атына жолдаған шифрлы, яғни құпия жеделхатының екі нұсқасы (РӘСТММ, 558 қор, 11 тізбек, 35 іс, 22-23 парақтар).

Фото № № 12-13. Шифрованная телеграмма Генерального секретаря ЦК РКП (б) Иосифа Сталина в Кызыл-Орду в адрес Филиппа Голощекина и Ныгмета Нурмакова от 17 мая 1927 года по поводу трудоустройства Алихана Букейхана (РГАСПИ, ф. 558, оп. 11, д. 35, лл. 22-23).